



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

болуды, шешім қабылдай алу, тұрақтылық пен кез келген жағдайда әскери-жауынгерлік міндетті соңына дейін орындай алу сияқты жауынгер үшін маңызды сапаларды қалыптастырады.

Өнегелік тәрбие жас жауынгерлердегі жоғары өнегелік саналылықты, тәртіптілік пен ережелер мен норманы, әскери қызмет талаптары сақтау әдетін, офицерлік абырой сезімі мен сананы, адалдық пен шыншылдықты, орындаушылық, әскери меншікке мұқият қарау, қоғамдық парызға саналы қатынастың қажеттігін саналай алуды, күнделікті өмірде сөз бен істің бірлігін қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады.

Құқықтық тәрбие жас жауынгерлерде Конституцияға, әскери қызметте орнатылған тәртіпке деген жоғары құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Эстетикалық тәрбие жас жауынгерлерде сұлулықты түсінуді, әскери және жалпы жүріс-тұрыс мәдениетін, өзінің жеке өмірінде де өз қызметінің эстетикалық ерекшеліктерін сақтай алу және басшылар мен қол астындағы қызметкерлерге қарым- қатынас жағдайында әскери мәдениетті сақтау сапаларын қалыптастырады.

Физикалық тәрбие жас жауынгерлердің денсаулығын нығайту мақсатын көздейді, сонымен қатар олардағы физикалық күшті, батылдықты, шешім шығарғыштық қасиет пен икемділікті, әрекеті мен реакцияларының тездігін, төзімділікті, жоғары физикалық және психикалық қысым жағдайында жұмыс істей алу қабілетін, қол астындағыларына физикалық тәрбие жүргізе алу сапаларын дамытады [6].

Қорыта келгенде елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету – бүкілхалықтық іс болып табылғанымен, жас жауынгерлерге жаңа мұраттар негізінде білім мен тәрбие беру міндет. Олар қазақстандық патриотизм, көп ұлтты Отанына деген сүйіспеншілік, еліміздің қауіпсіздігі мен гүлденуіне деген жеке жауапкершілікті сезіну қажет. «Ел қорғау – ердің ісі».

Қолданылған әдебиет

1. Азаматтарды әскери қызметке даярлау, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 118 Қаулысы
2. Калиев А.К. Инновации военного образования (на материалах Высшего военного училища внутренних войск Министерства внутренних дел Республики Казахстан): дисс. ... канд.пед.наук., 20.01.04 – Алматы, 2006. – 162с.
3. Современная военная психология: Хрестоматия / Сост. А.А. Урбанович. – Мн.: Харвест 2003. – 349 с.
4. Дьяченко М.И. Военная психология и педагогика. / М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович. – Минск.: Академиздат 2009. – 243 с.
5. Корчемный, П. А. Военная психология. – Москва : Изд-во ОВЛ, 2005. – 317 с.
6. Основы военной психологии и педагогики: Учеб. Пособие. - 2-е изд, перераб. – М.: Воениздат 1981. – 366 с.

УДК159.92

ЖАС ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛЕ АЛМАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хасанова Айгерим Сериковна

Aiserikovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Психология мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде қызмет ету–оның әр азаматының

міндеті. Бұл – бейбіт еңбекті қорғаушы ретінде әскери қызметшілерге білдірген халықтың сенімі. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір егемен елдің, оның ішінде Қазақстанның да басты мақсаты екендігін ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында былай деп көрсетеді: «Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз–аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету» [1]. Ал ұлттық қауіпсіздікті қорғау бұл отан қорғаушы әскер қатарындағы жауынгерлердің еншісіне тиесілі болып табылады.

Әскери қызмет – кез келген мемлекет азаматтарының Отанды қорғаудағы негізгі әрекет түрі. Әскери қызметтің мәні, өту тәртібі мен мазмұны, құқықтары мен міндеттері, әскери қызметкерлердің жауапкершіліктері туралы мемлекет арнайы заңдар қабылдап, бекіткен. Әскери қызмет тек азаматтардың жоғары мәнге ие негізгі әрекет түрі ғана емес, сонымен қатар бұл қызмет түрі ерекше жағдайлармен байланысты. Бұл қызмет түрі әскери қызметкерлерден үлкен физикалық қысым мен рухани күшті, моральді-жауынгерлік сапаны ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді.

Әскери қызмет Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің құрамында күнделікті нақты жауынгерлік міндеттерді орындаудан тұрады. Қарулы күштер құрамында жауынгерлер қақтығыстық жағдайларға тікелей қатысады, күнделікті жауынгерлік дайындықтарды, дайындық пен оқытудың басқа да барлық түрлерін жүзеге асырумен, әрбір әскердің өзінің жауынгерлік шеберлігін, жауынгерлік өмірдің тәртібін сақтау, қызметтегі міндеттерді дұрыс орындауды үйренуді, қызмет түріне байланысты арнайы білімдер мен дағдыларды қалыптастыруды жүзеге асырады. Барлық жауынгерлік әрекеттер Қарулы күштер тарапынан арнайы бұйрықтармен, нұсқаулармен реттеліп отырады. Мұнда келесідей әрекеттерге бөлуге болады: жауынгерлік жағдайдағы әрекет (жауынгерлік әрекет) және бейбітшілік кезеңдегі әрекет (қарапайым жағдайдағы).

Әскери-кәсіби әрекет – бұл қарапайым, күнделікті бейбіт кезеңдегі әрекет түрі [2]. Бір қарағанда бұл қызмет түрі жауынгерлер үшін бұл қызметке келгенге дейін айналысқан әрекет түрінен ешқандай айырмашылықсыз көрінеді. Бірақ бұл пікір қате. Әскери қызметке жаңа келген жас жауынгер ең алдымен өзінің әдеттегі үйреншікті жүріс-тұрыс стереотиптерінен бас тартуы керек. Бұл әскери қызметті өтеу ерекшеліктерімен байланысты. Мысалы, бір орталықтан басқару қағидасына сәйкес жас жауынгерлердің өз еріктері мен қалауларының саналы түрде өзге адамға–командирге тәуелді болуы, бұл жағдай әлеуметтік-психологиялық тұрғыда тұлғалық еркіндік пен таңдау белсенділігінің шектелуімен жалғасады. Тұлғалық тәуелсіздік пен еркіндік деңгейінің шектелуінің қажеттілігі әскери ережелермен сәйке орнатылған заңдылық (мұның ішіне күн тізбелік ретті орындау міндетін кіргізуге болады және т.б.).

Әскери-жауынгерлік қызмет қаруларды, әскери техникаларды, өзгелерге психологиялық әсер ету тәсілдерін шынайы және потенциалды қолдану мүмкіндігіне негізделген қоғам үшін маңызды мақсаттарға жетудегі өзара байланысты әрекеттерден тұрады (қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, маңызды мемлекеттік объектілерді қарауылдау және т.б.) [3].

Қызмет жағдайына әскери қызметкерлердің бейімделу үдерісінде негізгі қызығушылық мемлекеттік қызығушылықтар мен елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жоғары әлеуметтік мәнділігінен келіп шығады. Сондықтан бұл әрекет аймағы үнемі зерттеушілер мен ғалымдардың, түрлі ғылыми бағыттардың (медицина қызметкерлері, психологтар, әлеуметтік жұмысгерлер, философтар және т.б.) назарын өзіне аудартады. Мұндай зерттеулердің негізгі бағыттары физиология, медицина және психология ғылымдарына тиесілі.

Жалпы психологиядағы бейімделудің негізгі түрлері: психофизиологиялық, әлеуметтік-психологиялық және кәсіби бейімделу.

Психофизиологиялық бейімделу дегеніміз – бұл ағза үшін жаңа физикалық және психофизиологиялық жүктемеге, режимге, еңбек темпі және ритмге, өндірістік ортаның санитарлық-гигиеналық факторларына, тамақтану және демалыс режимін ұйымдастыру ерекшеліктеріне үйренуі. Психофизиологиялық бейімділік синдромын сәтті шешу

көрсеткіштері: жағымды жағдай, эмоционалдық күйі, жұмыс ритміне және еңбек тәртібіне үйрену, тиімді жұмысқа қабілеттілікті қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу дегеніміз – жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, кәсіби тұлғааралық байланыстар мен қатынастар жүйесіне қосылу, жаңа әлеуметтік рөлдерді, мінез-құлық нормаларын, топтың норма және құндылықтарын меңгеру, өзін кәсіби ортаға теңестіру.

Кәсіби бейімделу – бұл кәсіби тәжірибесі және кәсіби іс-әрекет стилі бар адамдардың жаңа жұмыс орыны талаптарына бейімделуі, қызметкерлердің ол үшін жаңа кәсіби қызметтерді және міндеттерді меңгеруі, талап етіп отырған дағдылар мен ептіліктерді қайта өңдеу, кәсіби әріптестікке және серіктестікке қосылуы, бәсекеге қабілеттіліктің біртіндеп дамуы [4].

Әскери қызметтік іс-әрекеттің кезеңі жас жауынгерлердің қызметке алғаш келген минутынан басталады, бұл кезеңде жас жауынгер алғаш рет өзгерген жағдайдың өзіне әсерін сезінеді. Бұл кезеңде әскери қызметкер, яғни жас жауынгердің алдында жаңа ортаға, жаңа күн тәртібі мен әскери қызметтің талаптарына бейімделу міндеті тұрады. Бұл кезеңнің уақыттық диапазоны 4-6 айға созылады. Бұл кезеңнің мазмұндық жағы бейімделу көзқарасынан қарағанда жас жауынгерлерде өмірге деген жаңа көзқарас (қоғамдық-саяси бейімделу); әскери-техникалық білімдер мен дағдыларды меңгеру, техникалық қызмет етуге үйренісу (әскери-техникалық бейімделу); құралдарды қарастыру, құралдарды қолдана білу, атыс және қарсылас тараппен қарулы күрес тәсілдерін үйрену (оқу-жауынгерлік бейімделу); нақты жауынгерлік ұжымға қосылу, лауазымы бойынша теңдестері мен командирлермен қатынас орнату (әлеуметтік бейімделу).

Бейімделудегі бастапқы өткір психикалық жауапты кезеңі (алғашқы бейімделу) жас жауынгердің өзіне өзгерген жағдайдың психогенді факторларының әсерін сезіне бастайтын бейімделу үдерістің бір сатысы болып табылады. Әскери қызметке шақырту мен қызметтің өтуі адам психикасына әсер етуші, индивидті тұрмыстың жаңа жағдайлары мен өзгерістеріне бейімделуге мәжбүрлейтін «күшті психоэмоционалды фактор» болып табылады. Әскери қызметте тұлғаның даму кезеңдері өте күрделі және маңызды. Әскери ортаға жаңа келген жас жауынгерлер бірден субъективті дискомфортты, эмоционалды қысымды сезініп, мазасыздық пен тежелу пайда болады. Субъективті жағымсыз жағдай кейбір авторлардың айтуы бойынша төтенше жағдайлардағы ағзадағы өзгерістерді көрсетеді.

Әскери қызметкерлердің азғасы еңбекке деген қабілеттілікті төмендететін факторлар кешенінің әсерлеріне душар болады. Мінез акцентуациясы, эмоционалды-еріктік және жүйке-психикалық тұрақсыздық, психифизиологиялық жағдайдың өзін-өзі реттеу қабілеттің дамымауы болған жағдайда стрессогенді факторлардың әсері реттеуші механизмдердің кері кетуіне, әскери қызметкерлердің тез бейімделе алмауына алып келуі мүмкін. Бұл кезеңде жүрек-қантaмыр жүйесінде қайта құрылу жүріп, жүрек соғысы жиілейді, зерттеушілердің көрсетуінше дәл осы кезеңде аурулардың саны өседі. Бұл ретте жас жауынгердің әскери жағдайға бейімделе алмауын алдын алу мақсатында оңтайлы жұмыстар жүргізілуі қажет.

Әскери қызметтегі міндеттерді орындау барысында әскери-кәсіби және аймақтың климаттық-географиялық жағдайларына бейімделудің қалыптасуы жүреді. Әскери қызмет жағдайларының психогенді факторларын фрустрациялайтын әсерлер ретінде анықтаудан бұл жағдайдағы бейімделе алмау жүйке-психикалық тұрақсыздықта көрініс табатынын көруге болады. Әскери қызметкерлердегі жүйке-психикалық тұрақсыздық индивидтің еңбекке қабілеттілігін сақтай алмауы, адекватты емес әрекеттерге бару, жүйкелік-эмоционалды қысымның дәрежесінің жоғарылығымен, эмоциогенді және стреске түсіруші әсерлер барысындағы психикалық қызметтің тұрақсыздығымен түсіндіреді [5].

Жас жауынгерлердегі жүйке-психикалық бұзылыстардың басым бөлігі адаптациялық сипатқа ие, яғни олардың жаңа ортаға бейімделудегі қиындықтарымен байланысты. Осыған орай жас жауынгердің әскери қызметке келуімен байланысты өмірдің жаңа жағдайлары, әлеуметтік қатынас ортасының өзгеруі, өмір тәртібінің өзгерісі, қысымның өсуі, жоғары

талаптар барлығы да адамның ағзасына, бейімделуіне кері әсерін тигізіп, тұлғадағы мазасыздануды тудырады. Қызметтегі адаптациялық мүмкіндіктердің төмендеуінің нәтижесінде қызметкердің еңбекке қабілеттілігі төмендеп, психосоматикалық аурулар пайда болады. Мұндай жағдайлардың негізі болып жүйкелік, эндокриндік реттелудегі өзгерістерге алып келетін, энергетикалық қордың сарқылуы мен жағымсыз метаболикалық өзгерістер тудыратын және физиологиялық жүйе әрекетін бұзып, нәтижесінде ағзаның жүйелі емес резистенттілігін төмендететін қызметтік қысым табылады.

Кейбір авторлардың зерттеулерінде әскери қызметке жаңа келген жас жауынгердің бейімделу үдерісі үш ай уақытқа дейін созылады. Осы кезеңде индивидтің науқастануы, суық тию, психологиялық қысым өсіп, белсенді тер бөлінудің нәтижесінде арықтайды, ал үш айдан соң көптеген жауынгерлерде жағдай қайта қалпына келеді. Дегенмен басқа да авторлардың зерттеулерінде әскери қызметке бейімделу үдерісі бастапқы үш айдың ішінде аяқталып үлгермейді. Жүйке психикалық бұзылыстар қатардағы жауынгерлерде қызметтің 3-ші айынан 6-шы айында пайда болады [6].

Қазіргі уақытта қызметтік әрекет барысындағы қойылатын ауру диагнозы мен науқастанулардың алдын алуда маңызды әскери медицинада «кәсіби денсаулық» концепциясы кең қолданыста. *Кәсіби денсаулық дегеніміз* – бұл кәсіби әрекет пен өмірдің максималды ұзақтығын, сапалылығын, сенімділігін қамтамасыз ететін ағзаның реттеуші қасиетін, физикалық, психикалық, әлеуметтік жақсы қалпын сақтап қалу мен дамыту үдерісі [7].

Кәсіби денсаулық жағдайы негізгі үш бағытты өзінде топтастыратын жүйелік келіс арқылы бағаланады: физикалық және психикалық мәртебенің бағасы, индивидтің қызметтік қоры және ағзаның қызметтік жағдайының адекваттылығы. Осыған байланысты кәсіби денсаулық концепциясына көзқарастар жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі медико-биологиялық параметр кәсіби ұзақжылдылық болып есептеледі.

Жас жауынгерлердің әскери жағдайға бейімделе алмауының келесідей себептері мен қиындықтарын атап өтуге болады:

- жаңа әскери жағдайға бағдарлануға және дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін қажетті ақпараттың жетіспеушілігі, түсінбеуі;
- қажетті әскери машықтың, тәжірибенің және біліктіліктің жоқ болуы;
- бір уақытта бірнеше өте маңызды міндеттерді шешу қажеттілігі: жағдаятты зерттеу, шешім қабылдау, өзінің жаңа міндеттерін орындау, пайдалы байланыстарды орнату, іс-әрекеттің жаңа элементтерін меңгеру, өзінің мінез-құлқын қалыптастыру;
- әскери талапқа сәйкес мінез-құлық нормалары жөнінде түсініктердің жеткіліксіздігі;
- әскери ортаның өзі туралы жағымды пікірді қалыптастыру қажеттілігі, бағалау зонасында үнемі болуы, кейде басқалардан, ол туралы жағымсыз пікірлерін өзгерту қажеттілігі.

Қорыта келе, жауынгерлердің бейімделу үдерісі және қызметтік-жауынгерлік кезеңдеріндегі бейімделу жағдайлары, қызметкерлердің психологиялық, физиологиялық мәселелері әлі күнге дейін толық зерттеліп болмаған және нақты бір теория қалыптаспаған, тың зерттеуді қажет ететін сұрақтардың бірі болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 27 қаңтар.
2. Военная психология: Учебник для вузов //Под.ред. А.Г.Маклакова. – СПб.: Питер, 2005. – 464 с.
3. Военная психология. //Под.редакцией В.В.Шеляга. М., Военное издательство, 1972. – 400 с.,
4. Психология экстремальных ситуаций: хрестоматия. / Сост. А.Е. Тарас, К.В.

Сельченко. – М.: АСТ 2002. – 248 с.

5. Современная военная психология: Хрестоматия / Сост. А.А. Урбанович. – Мн.: Харвест 2003. – 349 с.
6. Психологические закономерности профессионализации. – Ярославль, 1991.
7. Жас сарбаздар әскери мамандықтарды игеруде. Қазақпарат. 25 Қараша 2013

УДК159.92

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Шишкин Павел Сергеевич

Pawwwel92@mail.ru

Студент 3 курса филиала Омского государственного педагогического университета в г. Таре, г. Тара, Россия

Научный руководитель – О.А. Таротенко

Творческое мышление – это мышление, результатом которого является открытие принципиально нового или усовершенствованного решения той или иной задачи. Изучением проблемы развития творческого мышления занимались такие ученые как П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, Я.А.Пономарев, Н.А.Менчинская, Г.Линдсей, К.Халл и другие. Одним из первых попытавшихся сформулировать понятие творческого мышления Дж. Гилфорд, Он считал, что творческое мышление связано с доминированием в нем четырех особенностей: оригинальности, семантической гибкости, образной гибкости, семантической спонтанной гибкости.

Стремление к творчеству характерно для начальной школы наших дней, хотя оно несомненно, не имеет узко местного характера, в той или иной мере присуще всем людям. Начальная школа это мир детства, надежд, где почва для творческой деятельности, наиболее благоприятна и где не угасает одухотворяющий поиск разума и добра. Очень большие изменения в процессе обучения претерпевает мышление младшего школьника. Развитие творческого мышления приводит к качественной перестройке восприятия и памяти к превращению их в произвольные, регулируемые процессы. Важно правильно воздействовать на процесс развития творческого мышления младшего школьника, опираясь на знание особенностей возраста. В начальной школе, однако, еще очень часто встречаются шаблонность в работе учителя. Многие учителя используют повторение одних и тех же действий, приемов, не учитывая желания и интересы детей. Это часто приводит к потере способности мыслить и самостоятельно работать. А главное пропадает интерес к получению знаний у младших школьников. Творчество детей необходимо развивать в процессе всего обучения в начальной школе.

Развитию творческого мышления способствует и внеклассная работа с учащимися. Творчество в младшем школьном возрасте бывает наиболее заметны во внешкольной обстановке. В ситуациях, где дети чувствуют себя достаточно непринужденно, они непроизвольно создают что-то новое, оригинальное. Исходя из выше изложенного, тема нашего исследования актуальна.

Что же такое творческое мышление? Одним из первых попытался сформулировать определение творческого мышления Дж.Гилфорд. Он считал, что «творчество» мышления связано с доминированием в нем четырех особенностей:

А. Оригинальность, нетривиальность, необычность высказываемых идей, ярко выраженное стремление к интеллектуальной новизне. Творческий человек почти всегда и везде стремится найти свое собственное, отличное от других решение.

Б. Семантическая гибкость, т.е. способность видеть объект под новым углом зрения, обнаруживать его новое использование, расширять функциональное применение на